## Smart Glasses MOVERIO BT-300

## Пайдаланушы нұсқаулығы



© 2019 Seiko Epson Corporation 2019.12

#### Moverio веб-сайты туралы ақпарат

Пайдалы кеңестер мен қолдау көрсету ақпаратын қамтамасыз етеді. https://moverio.epson.com/





### ВТ-300 әлеміне қош келдіңіз

Бұл смарт көзілдірік кескіндерді көру және қолданбаларды кез келген жерде кез келген уақытта пайдалану мүмкіндігін береді.

Мөлдір линзалар нақты қоршаған ортаның үстіне кескіндерді орналастыратын AR (Augmented Reality) көмегімен жеке әлеміңізді жасау мүмкіндігін береді.

## Кескіндерді көру



### Қолданбаларды рақаттана пайдалану

Қолданбаларды жүктеп алып, өніммен бірге пайдалануға болады.

Ойындар Ойын-сауық Бизнес Өмір салты

⇒ "Қолданбаларды жүктеу" беті: 44 (осы нұсқаулық)





Қауіпсіздік нұсқаулықтары6
Пайдалану туралы ескертпелер11
Дайындау
Бөлшек аттары мен функциялар
Зарядталуда14
Гарнитураны тағу
Қосу және өшіру20
Контроллерді пайдалану
Басты бет экранын пайдалану
Тілді, күні мен уақытын орнату
Желіні орнату
Bluetooth параметрлері
Экранды реттеу
Кескіндерді көрсету

Бейнелерді веб-сайттан көру (Browser)
Компьютерден көшірілген бейнелерді
көру (Gallery)
Басқа құрылғылардағы кескіндерді
көру (Miracast)40
Қолданбаларды пайдалану 42
Бейне түсіру (Camera)42
Қолданбаларды жүктеу
Ақаулықты жою
System Update
Сипаттамалар53
Интеллектуалдық меншік құқықтары 55
Жалпы ескертпелер60
Ерson проекторының контактілер тізімі 62

#### Пайдаланушы нұсқаулығы ұйымдастыру

Пайдаланушы нұсқаулығы (осы нұсқаулық)	Бұл нұсқаулық осы өнімге қатысты қауіпсіздікті, негізгі жұмыс әдістерін және ақаулықты жою туралы ақпаратты ұсынады. Өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
Іске қосу нұсқаулығы	Бұл нұсқаулық өнімді алғаш рет пайдалану туралы ақпарат ұсынады.

#### Осы нұсқаулықта қолданылатын таңбалар

#### Кауіпсіздік таңбасы



Ескерту

Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына, тіпті, адам өліміне себеп болады.



Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болады.

#### Калпы ақпараттық таңбалар

0	Мұқият болмаған жағдайда, өнімнің зақымдалуына немесе адамның жарақаттануына себеп болатын процедураларды білдіреді.		Тақырып туралы пайдалы қосымша ақпарат пен пункттерді білдіреді.
[]	Экранда көрсетілетін белгішелерді, мәзір элементтерін және контроллер пернелерінің атауларын көрсетеді.	⇒	Байланысы ба тақырып сілтемесін білдіреді.

## Қауіпсіздік нұсқаулықтары

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін өнімді дұрыс қолдану мақсатында қосымша берілген құжаттарды мұқият оқып шығыңыз. Құжаттарды оқып болған соң, кейінірек қайта қарау үшін қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

#### Ескерту Қолдану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Бұл өнімді тек белгіленген қуат көзінің кернеуінде қолданыңыз.

Тек өніммен бірге берілген USB кабель мен АТ адаптерін пайдаланыңыз. Басқа қуат жеткізу құрылғысын пайдалану қызып кетуге, өртке, жарылысқа, ақаулыққа немесе сұйықтықтың ағуына себеп болуы мүмкін.

Ашаны пайдалану кезінде төмендегі сақтық шаралары бойынша әрекет етіңіз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

- Басқа да көп құрылғылар қсылып тұрған розеткаға АТ адаптерін жалғамаңыз.
- Ашаны ластанған розеткаға тықпаңыз.
- Ашаны розеткаға нық тығыңыз.
- Дымқыл қолмен ашаны ұстамаңыз.
- Ашаны ажыратқан кезде қуат кабелінен тартпаңыз.

Зақымдалған қуат кабелін (USB кабелі берілген болса) қолданбаңыз. Ол өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

- Берілген қуат кабелін өзгертпеңіз.
- Берілген қуат кабелінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Қуат кабеліне күш салып бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе тартпаңыз.

• Қуат кабелін ыстық электрлік құрылғылардан алшақ ұстаңыз.

Қауіпсіздігіңіз үшін пайдаланбайтын кезде өнімді қуаттан ажыратыңыз. Электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе ақаулықтың пайда болуына себеп болатын оқшаулау материалы нашарлауы мүмкін.

Найзағай ойнағанда ашаға тимеңіз. Ол өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Өнімді терезелері жабық автокөлікте, тікелей күн сәулесі немесе салқындатқыштың алдында немесе ауа жылытқыштар сияқты көрсетілген жұмыс ауқымынан тыс температурадағы орындарда қалдырмаңыз. Сонымен қатар, температурасы кенет өзгеретін орындарда қалдырмаңыз. Бұл өртке, апатқа, жаңылысқа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Өнімді ваннада немесе душ сияқты су тиетін немесе ылғалдану деңгейі жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Ол өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді асүй немесе ылғалдатқыштардың қасы сияқты түтін, бу, жоғары ылғалдылық немесе шаң тиетін орындарға қоймаңыз. Ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе кескін сапасының нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Пайдалану кезінде бұл өнімді шүберекпен немесе соған ұқсас материалмен жаппаңыз. Ыстық немесе алау корпустың пішінін өзгертуі мүмкін.

Камера объективін тікелей күн сәулесіне ұзақ уақытқа қоймаңыз. Бұл объективтен сәуленің топтасуы себебінен өрттің шығуына немесе жарылуға себеп болуы мүмкін.

#### Ескерту Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары

Өнімді жоғарғы дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Ол есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. Өнімді өшірмес бұрын дыбыс деңгейін төмендетіңіз және өнімді қосқаннан кейін дыбыс деңгейін ақырын көтеріңіз. Естудің мүмкін зақымын болдырмау үшін, ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдаудан бас тартыңыз.

Бөгде ток өткізгіш нәрселерді зарядтау қосқышына, сыртқы құрылғы қосқышына немесе құлақаспап микрофонының ұяшығына тигізбеңіз және кез келген бөгде ток өткізгіш нысандарды жалғау порттарына салмаңыз. Ол қысқа тұйықталуға себеп болып, өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.

Алкоголь, бензин немесе бояу езгіш сияқты ерітінділердің өнімге тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Сонымен қатар, өнімді дымқыл шүберекпен немесе ерітінділермен тазаламаңыз. Бұл өнім корпусын майыстыруы немесе оған сызат түсіруі мүмкін және электр тогінің соғуына, жаңылысқа немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Пайдаланушы нұсқаулығы корпусты ашуға болатыны туралы анық көрсетілмеген болса, өнім корпусын тек білікті қызмет көрсету маманы ашуы керек. Сонымен қатар өнімді (тұтынылатын заттарды қоса) бөлшектемеңіз немесе қайта құрастырмаңыз. Өнімнің ішіндегі көптеген бөлшектер жоғары кернеуге ие және өртке, электр тогының соғуына, апатқа немесе улануға себеп болуы мүмкін. Өнімнің әйнегін қатты нәрселерге соқпаңыз. Әйнектер зақымдалса, ол жарылып, көздеріңізге немесе бетіңізге ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Өнімді отқа тастамаңыз және ысытпаңыз. Шам сияқты ашық жалыны бар нәрселерді осы өнімге қоймаңыз. Бұл қызып кетуге, өртке немесе жарылысқа себеп болуы мүмкін.

## Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Көлік жүргізгенде, мотоцикл немесе велосипед жүргізгенде немесе басқа да қауіпті тапсырмаларды орындағанда өнімді тақпаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді баспалдақ немесе биіктік сияқты тұрақсыз орындарда пайдаланбаңыз. Сонымен қатар кабельдерге сүріну мүмкін болған, көп қозғалыстағы аппараттар немесе жабдықтардың қасы сияқты қауіпті орындарда немесе қараңғы жерлерде жүргенде өнімді пайдаланбаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Өнімдегі суреттерді көріп жүру кезінде, айналаңыздағы заттарға абай болыңыз. Егер кескінге тым көп назар аударсаңыз, бұл апаттарға, құлауға және басқа адамдармен соқтығысуға әкелуі мүмкін.

Қараңғы жерлерде қарау кезінде кескіннің жарықтылығына байланысты қоршаған ортаны көру қиын болуы мүмкін. Қоршаған ортада мұқият болыңыз.

Бұл өнімді кішкентай бөлмелерде пайдаланғанда, қоршаған ортада мұқият болыңыз.

Бұл өнімді тағып жүргенде қалқаны пайдалансаңыз да, тікелей күнге немесе басқа жарықтық көздеріне қарамаңыз. Бұл көздеріңізге ауыр жарақат жеткізуі немесе көру қабілетіңізді төмендетуі мүмкін.

Өнімді тағу кезінде кабельдер айналадағы ешбір нәрсеге ілінбейтінін тексеріңіз. Сонымен қатар кабельдер мойыныңызға оралмайтынына көз жеткізіңіз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Кабельге зақым келмейтініне көз жеткізіңіз. Кері жағдайда ол өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

- Кабельді зақымдамаңыз.
- Кабельдің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Кабельді күшпен бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе тартпаңыз.
- Қуат кабелін ыстық электрлік құрылғылардан алшақ ұстаңыз.

#### Ескерту Өнімнің қалыпсыз жұмыс істеуіне қатысты сақтық шаралары

Келесі жағдайларда бұл өнімді дереу өшіріңіз, ашаны алып тастаңыз және жергілікті дилеріңізге немесе Epson қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жұмысты осы жағдайларда жалғастыру өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады. Өнімді өз бетіңізбен жөндеуге әрекеттенбеңіз.

- Түтін шыққанын көрсеңіз немесе бір түрлі иіс сезіп, дауыс естісеңіз,
- Өнімге су, сусын немесе өзге заттар кіріп кетсе.
- Өнім құлап, корпус зақымдалса.

#### Ескерту Сымсыз функцияның сақтық шаралары

Ұшақ немесе аурухана секілді электромагниттік толқындарды қолдану тыйым салынған орындарда өнімді алып жүргенде, сол жердің нұсқаулықтары бойынша әрекет етіңіз және өнімді өшіріңіз немесе Bluetooth, сымсыз LAN функциясын өшіріңіз. Автоматты есіктер немесе өрт дабылдары сияқты автоматты түрде басқарылатын құрылғылардың жанында Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланбаңыз. Өнімде қуатты автоматты түрде қосу функциясы бар болса, өнімді сөндіруден бұрын оны өшіріңіз. Электромагнитітк толқындар медициналық құрылғылардың электромагниттік кедергісіне немесе құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

Медициналық ғимараттарда Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланғанда төмендегі пункттерді ескеріңіз.

- Бұл өнімді ота жасау бөлмесіне, қарқынды терапия бөліміне (ICUs) немесе кардиологиялық терапия бөліміне (CCUs) алып кірмеңіз.
- Аурухана палатасында өнімді өшіріп, электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Палатада болмасаңыз да, аймақта электрондық медициналық жабдық бар болған жағдайда бұл өнімді өшіріңіз немесе электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Электромагниттік толқын шығаратын құрылғыларды қолдануға тыйым салынған немесе бндай құрылғыларды алып кіруге тыйым салынған медициналық ғимараттар тарапынан орнатылған кез келген ереже бойынша әрекет етіңіз.
- Өнімде қуатты автоматты түрде қосу функциясы бар болса, өнімді сөндіруден бұрын оны өшіріңіз.

Имплантталған кардиостимуляторыңыз немесе дефибрилляторыңыз болса, Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланған кезде осы өнім мен имплантталған құрылғының арасы кемінде 22 см болуы керек. Электромагниттік толқындар имплантталған кардиостимуляторлардың немесе дефибрилляторлардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Кардиостимуляторы бар адам болуы мүмкін болған адамдарға толы пойыз сияқты орындарда болсаңыз, өнімді өшіріп, электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.

#### Сақ болыңыз Пайдалану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Өнімді дірілдейтін немесе ұрылатын жерге қоймаңыз.

Өнімді кескіндерді көру, ойындар ойнау немесе музыка тыңдау үшін пайдалану кезінде айналаңыздағы қауіпсіздікке зақым келтірілмейтініне көз жеткізіңіз және айналаңызда сынғыш заттарды қалдырмаңыз. Көріп жатқан кескіндеріңіз еркін қозғалуыңызға кедергі болып, нәтижесінде айналаңыздағы заттардың зақымдалуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.

Өнімді жоғары кернеулі желілер немесе магниттелген заттардың жанына қоймаңыз. Бұл апатқа, жаңылысқа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету кезінде өнімді өшіріңіз, аша мен қуат коннекторын алып тастаңыз және барлық сымдарды ажыратыңыз. Әйтпесе, электр тогының соғуы мүмкін. Белгіленген уақыт аралығында батарея зарядталып бітпесе, зарядтауды тоқтатыңыз. Зарядтауды әрі қарай жалғастыру сұйықтықтың ағуына, ысып кетуіне, жарылуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

#### 🕂 Сақ болыңыз Өнімді қолдануға қ

Өнімді кигенде өнім тиіп тұрған теріңіз (бет және т.б.) қышыса немесе кез келген әдеттегіден тыс бөртпелер пайда болса, өнім пайдалануды тоқтатыңыз және жергілікті дерматологқа хабарласыңыз.

Өнімді пайдалану кезінде терлесеңіз, бетіңіздегі және өнімдегі терді сүртіңіз. Осы жағдайларда пайдалануды жалғастыру қышуға немесе бөртпе пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Контроллерді қауіпсіз болатындай ұстаңыз немесе орнықты бір жерге қойыңыз, кабельдердің тартылуына жол бермеңіз. Контроллердің салмағына байланысты гарнитураны тастау жарақат алуға немесе өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп соғады.

Өнімді жергілікті заң мен заңнамаларға сәйкес жойыңыз.

#### Сақ болыңыз Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Бұл өнім көмегімен кескіндерді көру кезінде жүйелі түрде үзіліс жасап тұрыңыз. Кескіндерді ұзақ уақыт бойы көруден көзіңіз шаршауы мүмкін. Тіпті, үзіліс жасағаннан кейін өзіңізді шаршаңқы немесе жайсыз сезінсеңіз, ары қарай көрмеңіз.

Өнімді лақтырмаңыз немесе шамадан тыс күш қолданбаңыз. Құлап қалу сияқты жағдайлардан өнім бұзылатын болса, өнімді ары қарай пайдаланбаңыз. Өнімді одан ары пайдалану жарақаттауы мүмкін. Өнімді тағу кезінде, жақтаудың шеттеріне назар аударыңыз. Шарнир сиякты өнімнің козғалмалы бөлшектеріне саусақтарыңызды қоймаңыз. Ол жарақттануға себеп болады.

Бұл өнімді дұрыс таққаныңызға көз жеткізіңіз. Өнімді дұрыс колданбау ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

Бұл өнім тек нұсқаулықта көрсетілген мақсатта ғана қолданылуы қажет. Басқа мақсатта қолданған жағдайда жарақаттауы мүмкін.

Өнімде акаулық пайда болып, дұрыс істемеген жағдайда өнімді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өнімді пайдалануды жалғастыру жарақаттануға немесе жайсыөз сезінуге себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді таққан кезде теріңіз қолайсыз сезінетін болса, өнімді пайдалануды токтатып, жергілікті термотологпен кенесініз. Сырткы кабығына немесе өнім материалына байланысты кейде аллергия пайда болуы мүмкін.

3D кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады. 3D форматын көрү кезінде өзінізді жайсыз сезінсеніз немесе көре алмасаныз, 3D функциясын колданбаңыз. 3D кескіндерін көруді жалғастыру өзіңізді жайсыз сезінудің себебі болады.

Бұл өнімді алты жасқа толмаған балалар пайдаланбауы керек. себебі олардың көру кабілетін енді дамуда.

Жеті жастағы не одан үлкен бала өнімді пайдаланса, олар бақылауда болуы және олар өнімді ұзақ уақыт пайдаланбауы керек. Балалардың физикалық жағдайына жоғары деңгейде көңіл бөлінуі және олардың көздеріне зиян келтірілмеуі керек.

Жарыққа сезімталдығыңыз болса немесе өзіңізді жайсыз сезінсеніз, өнімді пайдаланбаныз. Олай істеген жағдайда, одан ары нашарлауыңыз мүмкін.

Көзіңізге қатысты ақаулықтар болған жағдайда, өнімді колданбаңыз. Ол көздің қылилануын, көз жанарының нашарлауын немесе анизометропия симптомдарын нашарлатуы мүмкін.

#### 🗥 Сак болыңыз Өнімнің қалыпсыз жұмыс істеуіне катысты сактык шаралары

Батареяларды ауыстыру кезінде өкілетті Epson дилеріне хабаралсыныз.

Өнімде жаңылыс орын алғанда, жөнделгенде немесе баска кызметке өткенде өнімде сақталған бейне, кескіндер немесе музыка файлдары сиякты деректер жойылуы немесе закымдалуы мүмкін. Epson компаниясы мұндай жағдайларда деректердің жойылуына, деректердің зақымдалуына немесе пайданың жоғалуына жауапты болмайды.

 $\mathcal{D}_{\lambda}$ 69

Пайдаланылған литий-ион батареяларын кайта өңдеуіңізге болады. Өнімнің ішкі батареяларының жарамдылық мерзімі аяқталғанда, қайта өңдеу туралы Li-ion ақпарат алу үшін, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### Пайдалану туралы ескертпелер

Бұл өнімде Si-OLED дисплей панелі пайдаланылады. Si-OLED сипаттамалары себебінен панельде босаңдау немесе жарықтық деңгейінің төмендеуі байқалуы мүмкін. Бұл ақаулық емес. Босаңдауды азайту үшін келесілерді орындаңыз.

- Бір кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз.
- Әрқашан бір орында көрсетілетін белгілерді немесе мәтінді жасырыңыз.
- Дисплей жарықтығын азайтыңыз.
- Дыбысын өшіру не ұйқы функциясын пайдалану кезінде дисплейді өшіріңіз немесе кескіндерді ұзақ уақыт көрмейтін болсаңыз, өнімді өшіріп қойыңыз.

Өнімді пайдаланбасаңыз да, батареяны жылына кемінде бір рет зарядтап отырыңыз. Өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяның өнімділігі нашарлауы немесе батарея зарядталмауы мүмкін.

#### Қауіпсіздік таңбаларының тізімі (IEC60950-1 А2 стандартына сә йкес келеді)

Келесі кесте жабдыққа жапсырылған қауіпсіздік таңбаларының мағынасын тізімдейді.

Мақұлданған стандарттар: IEC60417 No.5031

Сипаттама: Тікелей ток

Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек тікелей токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.

### Бөлшек аттары мен функциялар

#### Контроллер



(осы нускаулык)

⇒"Зарядталуда" беті: 14 (осы нұсқаулық)

#### Гарнитура

#### Үнсіз режим

Бұл функция кескінді уақытша жасыру және дыбысын өшіру үшін екі рет басу мүмкіндігін береді.

#### Жарықтық датчигі

Айналаңыздағы жарықтық деңгейін сезіп, экранның жарықтығын автоматты түрде реттейді.

"Экран жарықтығын реттеу" беті: 36 (осы нұсқаулық)

#### Камера/индикатор

Кескіндер мен бейнелерді түсіреді. Камера іске қосыла бастағанда индикаторлар жыпылықтайды.

#### "Алдын ала орнатылған қолданбалар" беті: 28 (осы нұсқаулық)

#### Контроллер қосқышы

Контроллерді жалғайды.

⇒"Зарядталуда" беті: 14 (осы нұсқаулық)



#### Тұтқалар

Тағу үшін тұтқаларды ашыңыз.

⇒"Гарнитураны тағу" беті: 16 (осы нұсқаулық)

#### Мұрын тіректері

Өнімді көзілдіріктің үстінен киетін болсаңыз, көзілдірік үшін берілген мұрын жастықшасымен ауыстырыңыз.

#### Қалқа

Өнімді шамадан тыс сыртқы жарықтан қорғайды.

⇒"Қара әйнекті бекіту және алып тастау" беті: 19 (осы нұсқаулық)

#### Тыңдау құралының микрофон ұяшығы

Құлақаспап микрофондарының ұяшығын жалғайды. Сіз, сонымен қатар, сатып алуға болатын тыңдау құралының микрофондарын жалғай аласыз.

⇒"Гарнитураны тағу" беті: 16 (осы нұсқаулық)

### Зарядталуда

Сатып алған уақытта өнім толықтай зарядталып тұрмайды. Қолданбас бұрын зарядтаңыз. Бұл бөлімде АТ адаптерін қалай зарядтау қажеттігі туралы түсіндіріледі. Алғашқы зарядтауға шамамен 5 сағат кетеді.

#### 1 Гарнитура мен контроллерді жалғаңыз.

Контроллер қосқышын контроллер гарнитурасының байланыс портына нық орныққанша енгізіңіз.

Контроллер қосқышын өнімнен басқа құрылғыларға жалғамаңыз.

#### 2 Контроллер мен АТ адаптерін жалғаңыз.

Контроллер мен АТ адаптерін USB кабелімен жалғаңыз.

#### 3 АТ адаптерін жалғаңыз.

Жарық диодты индикатор ашық көк түспен жанады.



Батареяның заряды толық аяқталған болса, жарық диодты индикатор зарядтау басталғанда жанбайды. Кемінде 30 минут зарядтап, USB кабелін қайта жалғаңыз.



Батарея заряды 90% не одан көп болса, жарық диодының индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, жанып тұрады. Батарея толық зарядталғанда, жарық диодының индикаторы өшеді. (Жарық диодының индикаторы батарея зарядының қанша қалғанын шамалап көрсетеді.)

АТ адаптерін және USB кабелін ажыратыңыз.

Батареяның қызметтік уақыты шамамен алты сағат. Батареяның қызметтік уақыты қолданбалар мен қолданыс жағдайларына қарай өзгеруі мүмкін.

#### Жарық диодты индикатор күйі

Өнімнің күйін түстерінен және жарық диодтың жанған күйінен білуге болады.

Жасыл	Қосылуда не өшірілуде			
Ашық көк	Зарядтау/Пайдалану			
Көк	Ұйқы режимі			
Қызғылт сары	Батарея заряды төмен			
Қызғылт	Қате			

### Гарнитураны тағу

 Тұтқаларын екі қолыңызбен ашыңыз да, гарнитураны тағыңыз.





Гарнитураның тұтқаларын ашу кезінде шамадан тыс күш жұмсамаңыз.



Гарнитура тағылып тұрғанда нық тұрмаса, шеке резеңкесін тіркеңіз.



#### Құлаққап микрофонын құлаққап микрофонының ұяшығына жалғаңыз.

Құлаққапты ойнатпай жатып тіркеңіз. Құлаққап микрофоны ажыратылған болса немесе мазмұн ойнатылып жатқанда жалғанса, шуыл естілуі мүмкін.





Құлаққап микрофонын киіміңізге қысып қоюға болады.

3 Құлаққапты тағыңыз.

#### Көзілдірікті қию

Көзілдірік үшін берілген мұрын төсемімен ауыстыру арқылы гарнитураны көзілдіріктің үстінен киюге болады. (Гарнитураны ені шамамен 147 мм-ге тең көзілдіріктің сыртынан тағуға болады.)



- Тағу кезінде көзілдірікті және гарнитураның объективтерін зақымдап алмаңыз.
- Көзілдірігіңіздің пішіміне байланысты, гарнитураны көзілдірігіңіздің сыртынан таға алмауыңыз мүмкін.

#### Мұрын төсемін алып тастау үшін алға қарай тартыңыз.



#### Көзілдірікке арналған мұрын төсемін бекітіңіз.





Көзілдірікке арналған мұрын төсемі көзілдіріктің үстіне орнатылады.



## Объектив ұстағышын тіркеу және гарнитураны тағу

Көзілдірік тағатын болсаңыз, объектив ұстағышы гарнитураны көзілдірік кимей тағу мүмкіндігін береді.

Жергілікті оптикаға барып, объектив ұстағышына объективті орнатқызып, оны гарнитураға бекітіңіз. (Оптикалық әйнектің шығынына тұтынушы жауапты болады. Оптика маманына байланысты олар бұл процедураны орындай алмауы мүмкін.)

#### Әйнек ұстағышының әйнектері

Оптикалық әйнектер (Е х Б)	50 х 24 мм
Мұрын тіректері	20 мм
Жақтаудың АД	70 мм
Қисық	4



Түрлі түсті, айнасы бар және бағытталған әйнектер сияқты арнайы әйнектер қолданғанда кескіндер көрінбеуі мүмкін.

#### Мұрын төсемін алып тастау үшін алға қарай тартыңыз.



Окрын төсемін объектив ұстағышына бекітіңіз.



Объектив ұстағышын гарнитураға бекітіңіз.



#### Қара әйнекті бекіту және алып тастау

Гарнитураны таққан кезде, экран тым жарық болса, қалқа қабатын салыңыз.

#### Кара әйнекті бекіту

Қара әйнекті еңкейтіп, шығыңқы бөлігін орнына бекітілмейінше гарнитураның ішіне ысырыңыз.



#### Қара әйнекті алып тастау Алып тастау үшін, қалқа қабатының төменгі жиегін көтеріп, қалқа қабатының ортасып басып

тұрып, оны төмен қарай тартыңыз.



Егер қалқаны шамадан тыс күш жұмсап тартсаңыз немесе бассаңыз, қара әйнек мен объектив зақымдалуы мүмкін. Қалқаға шамадан тыс күш жұмсамаңыз.

### Косу және өшіру

#### Косу



🐜 Өнімді қоспас бұрын, заряд деңгейін тексеріңіз. ⇒"Зарядталуда" беті: 14 (осы нұсқаулық)

Қуат түймесін бір секунд басыңыз.



Іске қосыла бастағанда бастапқы экран гарнитурада көрсетіледі. Толық іске қосылғаннан кейін Басты экран көрсетіледі.

Кескіндерді көру мүмкін болмаған жағдайда, объектив көзіңіздің деңгейінде болатындай етіп, гарнитуранын тік позициясын реттеніз.

- Контроллерді қолдану туралы ақпарат үшін төмендегіні қараңыз.
  - ➡ "Контроллерді пайдалану" беті: 22 (осы нұсқаулық)
- Өнім қосулы болғанда экранды өшіру (Ұйқы режимі)

Қуат түймесін басып дереу жібергенде, өнім Ұйқы режиміне өтеді және жарық диодты индикатор көк түсте жыпылықтайды. Өнімді Ұйқы режимінен ояту үшін қуат түймесін басып дереу жіберіңіз.

• Контроллер операцияларын өшіру (пернені құлыптау)

Косқыш пернесін басып тұрғанда, перне құлпы қосылады. Қосқыш пернесін тағы басып тұрғанда, перне құлпы өшіріледі.

#### Өшіру

 Қуат түймесін кемінде бір секунд басып тұрыңыз.



[Power off] экраны пайда болады.

#### **2** [Power off] опциясын таңдаңыз.



Өшеді.



Тұрақты жұмыс істемесе, қуат түймесін кемінде 10 секунд басып тұру арқылы өнімді өшіруге болады.



Тұрақты жұмыс істемесе, өнімді күштеп өшірмеңіз.

Сақталған деректер мен параметрлер жоғалуы мүмкін.

### Контроллерді пайдалану

Өнімді келесі әдістердің бірін пайдаланып, іске қосуға болады.



#### Айқас перне/Enter пернесі

⇒"Айқас пернені/ Enter пернесін пайдалану" беті: 22 (осы нұсқаулық)

#### Сенсорлық тақта

"Сенсорлық тақтаны пайдалану" беті: 24 (осы нұсқаулық)

#### Айқас пернені/Enter пернесін пайдалану

#### Айқас перне

Айқас пернесі электростатикалық сенсорлы датчик болып, жеңіл түрткенде де жұмыс істейді. Белгілерді немесе көрсетілген элементтерді таңдағанда таңдау жылжиды. Бір бағытты ұстап тұрғанда, таңдау сол бағыт бойынша үздіксіз жылжиды.

Белгішелерді немесе көрсетілген элементтерді таңдамағанда, экранды айналдыруға болады.





Орындалатын әрекетке байланысты контроллер дірілдеуі мүмкін.

Enter пернесі Элементтерді таңдайды не растайды немесе қолданбаны іске қосады.



#### Сенсорлық тақтаны пайдалану

Сенсорлық тақтаға қолыңыз тигенде, экранда меңзер көрсетіледі. Өнімді басқару үшін меңзерді жылжытыңыз.

#### Басу

Меңзерді белгішеге немесе көрсетілген элементке жылжытып, сенсорлық тақтаны басыңыз. Түрткенде қолданбаларды іске қосу және элементтерді таңдау сияқты әрекеттер орындалады.



#### Жылжыту

Белгішені немесе көрсетілген элементті таңдау үшін сенсорлық тақтаны бір секундқа басып тұрыңыз және саусағыңызды сенсорлық тақтаға басып тұрып, сүйреңіз. Белгішелерді жылжыту, экранды айналдыру не өзгерту сияқты әрекеттерді сүйреу арқылы орындауға болады.



#### Шерту

Саусағыңызды қағазды парақтағандай сырғытыңыз немесе сенсорлық тақтаны екі саусақпен сырғытыңыз.

Экранды бірқалыпты айналдыру үшін екі саусақты пайдаланыңыз.



Екі саусақты ажырату Екі саусақтың алшақтауынан экран көлемі ұлғаяды.



Екі саусақтың қосылуы Екі саусақтың жақындауынан экран көлемі кішірейеді.



#### Мәтінді енгізу

Мәтінді енгізуге болатын орынды таңдағанда, бағдарламалық жасақтама пернетақтасы көрсетіледі. Пернетақта көмегімен мәтінді енгізіңіз.

#### Мәтін енгізу режимін өзгерту

Пернетақтадағы таңбалар арасында ауыстыру үшін [?123] немесе [АВС] пернесін басыңыз, ал үлкен әріптермен кіші әріптер арасында ауыстыру үшін [ ↑ ] түймесін басыңыз.



### Басты бет экранын пайдалану

Басты бет экранынан қолданбаларды іске қосуға және түрлі параметрлерді орындауға болады.

Өнімді пайдалану кезінде бұл экран ең алғашқы көрінетін экран болып табылады.

Басты бет экранын көрсету үшін [ ()] пернесін басыңыз.



#### 1 Қолданба/виджет аймағы

Бұл аймақ басты бет экранында көрінетін қолданбаларға арналған ярлыктар мен виджеттерді орналастыруға мүмкіндік береді.

#### **2 APPS/WIDGETS тізімі**

APPS/WIDGETS тізім экранын көрсетеді.

#### 3 Күй жолағы

Осы өнімнің күйін көрсетеді.

#### 4 Виртуалды түймелер

- < : Алдыңғы экранға қайтарады.
- 🕽 : Басты бет экранын көрсетеді.
- 🛽 : жақында қолднылған қолданбаларды көрсетеді.

#### Қолданбаны іске қосу

APPS тізім экранындағы қолданбаны іске қосыңыз.

Басты бет

экраны

APPS TIBIM

Колданба

экраны

экраны



## Басты бет экранында қолданбалар мен виджеттерді орналстыру

APPS/WIDGETS тізімінің экранынан басты бетте көргіңіз келген қолданбалар мен виджеттерді таңдап, орналастырыңыз.

#### APPS/WIDGETS тізімінің экранында, меңзерді қолданба/виджетке апарып, қолданба/виджетке саусағыңызды басып тұрыңыз.



Басты бет экранында белгішені орналастыруға арналған орынды таңдауға мүмкіндік беретін экран көрсетіледі.

2 Белгішені орналастырғыңыз келген орынға апарып, саусағыңызды алыңыз.



## Басты бет экранында қолданбалар мен виджеттерді жою

Басты бет экранына орналастырылған қолданбалар мен виджеттерді жойыңыз.

 Басты бет экранында, жойғыңыз келген қолданба/виджетте саусағыңызды басып тұрыңыз.

[ 🗙 ] экранның жоғарғы жағында көрінеді.

Жойғыңыз келген қолданба/виджетті [ ] үстіне апарып, саусағыңызды алып тастаңыз.



### Күй жолағының белгішелері

	Музыка ойнату
	Сымсыз LAN қосылу/пайдалану
*	Bluetooth құрылғысына қосылу
*	microSD картасын сканерлеу
<u> i i i</u>	Батареяны зарядтау күйі
2	Зарядтау
<u>+</u>	Жүктеп алуды аяқтау
	Ішкі температурасы жоғары болғандықтан, экран күңгірттенеді

#### Алдын ала орнатылған қолданбалар

r	Gallery ➡ беті: 38 (осы нұсқаулық)
0	Music
	Browser ➡ беті: 37 (осы нұсқаулық)
-52	Calendar
Q	Search
	Sound Recorder
- × + =	Calculator
@	Email
9	Сатега ➡ беті: 42 (осы нұсқаулық)
	Clock
Ð	Downloads
Ó	Settings

	MOVERIO Apps Market	Колжетімді виджеттер Виджеттер - басты бет экранында ақпратты көрсететін шағын қолданбалар. Бұл өнім үшін төмендегі виджеттер бар.			
	Contacts				
- Add	Mov Filer	Analog clock			
		Bookmark			
		Calendar			
		Contacts			
		Email			
		Music			
		Music playlist			
		Search			
		Digital clock			
		Photo Gallery			

### Тілді, күні мен уақытын орнату

#### Тілді орнату

Дисплей тілін орната аласыз.

1 APPS тізімі экранында [ 🔯 ] таңдаңыз.

[Personal] - [Language & input] тармағын таңдаңыз.

Settings	
II Samp	g terry
B. Ann	A liters
Renard	
Excellent	B Security
B Accounts	C Language Kingut
G Barbar Kreat	
Reprinters	

#### 3 [Language] бөлімін таңдаңыз.

Language & input	
Langunge Trigtet (Select Termi)	
Spell checker and rul (set theore petitif)	
Tab detection	
Personal distances	
Anglauri E reput methoda	
Current Kaphowel English (DI): Antimetric System (1920)	
Andread Registerat (ADSP) Segment 2011	

#### 4 Қолданылатын тілді таңдаңыз.

•	Language				0 <b>0</b> 000 4
	English (New Zastand)				
	English (Empigrant)				
	English (Jorise) Kingdom)				
	English (Initial Daties)				
	English (XK)				
	Kapadai (Sapada)				
	Equilial (Establish Unided)				
	Figure				
	freion (Mippel				
		4	0	a	

Дисплей тілі өзгереді.

#### Күн мен уақытты орнату

Күн мен уақытты орнатыңыз.

#### 1 APPS тізімі экранында [ 🄯 ] таңдаңыз.

#### (2) [System] - [Date & time] тармағын таңдаңыз.

Settings		۹
E trop	B Buttery	
R. Aut	A Uners	
Renard		
Excelor	B Security	
B Accounts	Language & Input	
G Bartup & reart		
Rystein		
O Data & time	T Accounting	
6 Presing	© #Dour nablet	
4	0 0	

#### 3 [Automatic date & time] параметрін іске қосыңыз.

Date & time					Q 100
Automotic data & time University provided time				-0	
distant and the second second					
harden					
Extent time zone part-strate part-strate					
Uba 34-baur farmat 12-00				-0	
	4	0	0		

Күн мен уақыт автоматты түрде орнатылады.



- Егер өнім интернетке қосылмаса, күн мен уақыт автоматты түрде орнатылмайды.
- [Automatic date & time] параметрін өшіргенде күні мен уақытын қолмен орнатуға болады.
- Сонымен қатар [Date & time] параметрінде сағаттық белдеуді және дисплей пішімін орнатуға болады.

### Желіні орнату

Wi-Fi байланысын өнім интернетке LAN желісінің үстіне қосылатындай орнатыңыз.



🦏 Орнатпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

- Қосылғыңыз келген сымсыз LAN кіру нүктесіне немесе қоғамдық сымсыз LAN қызметіне арналған SSID (желінің аты).
- Қауіпсіздік функциясы іске қосылған болса, желіге қосуға арналған құпия сөз бен қауіпсіздік жүйесі.

1 APPS тізімі экранында [ 🄯 ] таңдаңыз.

(2) [Wireless & networks] - [Wi-Fi] тармағын таңдаңыз.



(3 [Off] параметрі таңдалған болса, оны [On] параметріне орнатыңыз.



Қолжетімді SSIDs (желі аттары) көрсетіледі.

Косылғыңыз келген SSID (желі атауын) таңдаңыз.



#### 5 Құпия сөзді енгізіп, [CONNECT] опциясын таңдаңыз.



Күй жолағында [ 🔷 ] көрінген кезде, орнату аяқталады.

- Мәтінді қалай енгізу қажеттігі туралы толық мәлімет үшін төмендегілерді қараңыз.
  - ⇒ "Мәтінді енгізу" беті: 25 (осы нұсқаулық)
- Қосылғыңыз келетін SSID табылмаса, SSID қосу үшін [ ] ішінен [Add network] таңдаңыз.
- Бұл өнім біріктірілген жүйені жаңарту функциясымен бірге беріледі. Ең соңғы жүйе қолжетімді болғанда, өнім желіге қосылған кезде экранда хабар көрсетіледі. Хабарландыруды таңдап, соңғы жүйе нұсқасына дейін жаңарту үшін экрандағы нұсқаулардың орындалуы ұсынылады.
  - ⇒ "System Update" беті: 51 (осы нұсқаулық)

### Bluetooth параметрлері

Bluetooth параметрлерінде өнімді Bluetooth құрылғысы іске қосылған құрылғыларға қосылу мүмкіндігін қосуға болады.



Орнатпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

- Bluetooth құрылғысы іске қосылады.
- Bluetooth құрылғысы HSP/A2DP/HID/OPP/ SPP/AVRCP/PAN профильдерін қолдайды.

### 1 APPS тізімі экранында [ 🄯 ] таңдаңыз.

2 [Wireless & networks] - [Bluetooth] тармағын таңдаңыз.

· •	Settings		0 III 0
	Status koptestik		
	<ul> <li>(0.4)</li> </ul>	8 Worson	
	O Dyta usage	HALL BALLER	
	and a		
	O . Dopley	<ul> <li>Sound &amp; nutification</li> </ul>	
	<ul> <li>Strap</li> </ul>	B Barray	
	B	A Users	

3 [Off] параметрі таңдалған болса, оны [On] параметріне орнатыңыз.



Қолжетімді құрылғылар көрсетіледі.

#### 4 Қосылғыңыз келген құрылғыны таңдаңыз.



Күй жолағында [ 🚸 ] көрінген кезде, орнату аяқталады.



Қосылғыңыз келетін құрылғы көрсетілмесе, [ 📑 ] ішінен [Refresh] опциясын таңдаңыз.

### Экранды реттеу

#### Экран өлшемі туралы

Экран көлемін сізден бастап есептегендегі қашықтыққа байланысты өзгертуге болады. Егер сіз қараған жер алшақ болса, экран өлшемі да алшақ немесе үлкен болып көрінеді. Егер қараған жер жақын болсаңыз, экран жақын және кіші болып көрінеді. Экран көлемін әр адам әр түрлі сезінеді.





• Кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады.

- Оң және сол көзіңіздің көру қабілеті екі түрлі болған жағдайда, 3D кескіндерін дұрыс көре алмауыңыз мүмкін.
- Кескінінң қалай қабылданатындығы айналаңыздың жарықтығына байланысты өзгеруі мүмкін.

## Объективтердің жарықтығын реттеу (қара әйнекті пайдалану)

Гарнитураны таққан кезде, экран тым жарық болса, қалқа қабатын салыңыз.

#### "Қара әйнекті бекіту және алып тастау" беті: 19 (осы нұсқаулық)

#### Экран жарықтығын реттеу

Өнім кескіннің жарықтығын қоршаған орта жарықтығына автоматты түрде бейімдейтін кіріктірілген жарықтық датчигімен бірге беріледі.

Кескіндердің жарықтығын қолмен реттеу үшін автоматты реттеу мүмкіндігін өшіруге арналған төмендегі қадамдарды орындаңыз.

#### 🛈 APPS тізімі экранында [ 🔯 ] таңдаңыз.

#### 2 [Device] - [Display] тармағын таңдаңыз.

Settings		0 Bei
Without & optimality		
T 10-0	I Burnott	
O Dyta usege	- Mon	
and a second sec		_
O Dayley	Seed Entitication	
· Strop	B Servey	
B 100	A Viers	
Friend		
Lection	B Security	

#### **3** [Adaptive brightness] функциясын өшіріңіз.

	Display	0 <b>ء</b> ده م
	Brightness bool	
	Adaptive brightness Submissi Francisca deer for execute ager	(9
	Welgeper	
	Energy After several of tractorial	
	Baydsan	
	Fund size Reserved	
	Cast screen	
_		

Жарықтықты автоматты түрде реттеу мүмкіндігі өшіріледі.

## Кескіндерді көрсету

### Бейнелерді веб-сайттан көру (Browser)

Бұл бөлім интернетке қалай қосылу қажеттігін және веб сайттан бейнелерді қалай көруге болатынын түсіндіреді.

Browser көмегімен интернетке қосылыңыз.



- 🏷 Келесі тармақтарды алдын ала тексеріңіз.
  - Сымсыз LAN желісі қолжетімді.
  - Wi-Fi параметрі қосулы.
    - ⇒ "Желіні орнату" беті: 32 (осы нұсқаулық)

#### АРРЅ тізімі экранында [) таңдаңыз.

Browser экраны көрсетіледі.

- 2 URL өрісін таңдаңыз да, іздеу кілт сөзін немесе URL мекенжайын енгізіңіз.
  - 🔿 "Мәтінді енгізу" беті: 25 (осы нұсқаулық)



, URL өрісі жасырын болса, тағы бір рет көрсету үшін қойындыны таңдаңыз.



2 URL epici

#### Browser мәзірін пайдалану



1 [ 🧲 ] алдыңғы бетке қайтыңыз, келесі бетке



#### 2 Мәзір тізімі [ 📘 ]

Жаңа қойындыларды қосуға немесе беттен мәтін іздеуге болады.

### Компьютерден көшірілген бейнелерді көру (Gallery)

Бұл бөлім компьютерде сакталған кескіндерді калай көрү кажеттігі туралы түсіндіреді. Бейнені компьютеріңізден өнімнің ішкі жадына және сатып алуға болатын microSD картасына көшіріңіз. Gallery көмегімен көшірілген деректі көруге болады.



- 🗞 Келесі тармақтарды алдын ала тексеріңіз.
  - Бейне дерегін компьютерден көшірген кезде, өнімді компьютерге USB кабелі аркылы косыңыз. Компьютер оны тасымалданатын құрылғы ретінде анықтайды, деректі ішкі жадка немесе microSD картасына көшіре аласыз. Толық мәлімет алу үшін Іске қосу нұсқаулығын қараңыз.
    - ➡ "Компьютерден көшірілген бейнелерді көру" (Іске қосу нұсқаулығы)
  - Өнімнің ішкі жадының сыйымдылығы 16 Гб.
  - microSD картасы өнімге қоса беріледі. Өнім сатып алуға болатын microSD карталарын (2 Гб дейін) және microSDHC карталарына (32 Гб дейін) колдау көрсетеді. Контроллердің microSD картасының ұяшығына салып, содан кейін деректерді көшірініз.

#### 🚺 APPS тізімі экранында [ 🌆 ] таңдаңыз.



Gallerv негізгі экраны көрсетіледі.

### 2 Көргіңіз келген деректі таңдаңыз.



Деректі ойнату үшін [ 🖸 ] түймесін таңдаңыз.

#### Бейнелерді орнату кезіндегі операциялар



#### 1 Кідірту

Экранды таңдағанда кідірту түймесі көрсетіледі. Ойнатылып жатқанды кідірту үшін [ •• ] таңдаңыз.

#### 2 Бейнені орналастыру

Ойнатылатын жерге орынды ауыстыру үшін [

### Басқа құрылғылардағы кескіндерді көру (Miracast)

Бұл бөлімде осы өнімді Miracast жүйесін қолдайтын компьютерлерге, смартфондарға және теледидарларға қосу және теледидарда не смартфонда ойнатылатын мазмұнды осы өнімде көру және осы өнімде ойнатылатын мазмұнды теледидарда көру әдісі туралы түсіндіріледі.

Miracast көрсетілген құрылғыларды сымсыз тікелей жалғайтын және құрылғылар арасында бейнелер мен музыканы өткізетін технология.



🏷 Келесі тармақтарды алдын ала тексеріңіз.

- Қолданылатын құрылғы Miracast функциясына қолдау көрсетеді.
- Құрылғылардың барлығында байланыс орнатылмауы мүмкін.
- Miracast функциясын пайдаланып жатқанда, қатынасу нүктесіне Wi-Fi желісі арқылы қосыла алмайсыз.

### Таратылатын кескіндерді алу

 Кескін жіберетін құрылғыны таратылатын кескінді қабылдауға дайын болатындай етіп орнатыңыз.

2 APPS тізімі экранында [ 🔯 ] таңдаңыз.

#### 3 [Device] - [Display] тармағын таңдаңыз.

••	Settings		0 •00 Q
	Stolaa kopteela		
	<ul> <li>(a)</li> </ul>	E Station	
	O Dyta usage	More	
	O Display	8 Sound & nutification	
	· Strept	B terry	
	B . 101	A Users	

#### 4 [Receive screen] опциясын таңдаңыз.

•		04108
	Display	
	Brightness lovel	
	Adaptive bighteese fighteese triperies had to exclude April	
	Walpage	
	Erosy and a 19 million of provincing	
	Daybaan	
	Fast size Incode	
	Gartanee	
	Austri umut	

Құрылғы басқа құрылғылардан кескіндерді қабылдауға дайын.

